

ҚАЗАҚ – ВЬЕТНАМ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ЖАҢА ДЕНҒЕЙІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Вьетнам Социалистік Республикасына ресми сапары Ба Динь алаңында орналасқан ұлт қаһармандары монументіне және Хо Ши Миннің мавзолейіне гүл шоғын қоюдан басталды.

1945 жылы 2 қыркүйекте Хо Ши Мин осы алаңда Вьетнамның тәуелсіздігін жариялады.


Президент Вьетнамның бостандығы үшін күресте қаза тапқан батырлардың және осы елдің ұлт көшбасшысы Хо Ши Миннің рухына тағзым етті. Гүл шоғын қою рәсіміне Қазақстанның ресми делегациясы қатысты.

Сондай-ақ Ханой қаласына ресми сапармен келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Вьетнам Президенті Во Ван Тхьонгпен келіссөз жүргізді.

Келіссөздер алдында Президент сарайында ресми қарсы алу рәсімі өтті.

Екі ел басшыларына Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң Қазақстан мен Вьетнамның мемлекеттік әнұрандары орындалды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Во Ван Тхьонг бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды.

Содан кейін Қазақстан мен Вьетнам президенттері келіссөз жүргізді. Келіссөз барысында сауда-экономикалық, инвестициялық, энергетикалық, көлік-логистикалық, агроөнеркәсіптік және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынты-



мақтастықты дамыту перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы қонақжайлық көрсеткені үшін Во Ван Тхьонгқа алғыс айтып, осы сапарға баса мән беретінін атап өтті.

– Қазақстан Президенті ретінде Сіздің еліңізге алғаш рет сапармен келіп отырмын. Мен бұл сапарыма баса мән

беремін. Қазақстанда Сіздің елге және Вьетнам халқына зор құрметпен қарайтынын атап өткім келеді. Вьетнамның экономикалық жетістіктері елдеріміздің ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға берік негіз болады. Біз екі мемлекет арасындағы экономикалық, саяси қатынастарға баса мән береміз және Вьетнамның экономикалық зор әлеуетін және оның

халықаралық аренадағы беделін жоғары бағалаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өткен жылдың қорытындысы бойынша өзара сауда-саттық жарты миллиард доллардан асқанына, биылғы алты айдың өзінде 600 миллион доллар болғанына назар аударды. Жыл соңына дейін бұл маңызды көрсеткішті 1 мил-

лиард долларға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысы бүгінгі келіссөздер екіжақты қатынастарды дамытудың жаңа кезеңіне жол ашатынына сенім білдірді.

Өз кезегінде Во Ван Тхьонг екі ел арасындағы ынтымақтастықты жандандыру ісін жоғары бағалап, Қазақстан мен Вьетнамның серіктестігін одан әрі нығайтуға ниетті екенін жеткізді.

– Сіздің елімізге жасаған алғашқы ресми сапарыңыз екі мемлекеттің дәстүрлі достық қарым-қатынасы мен көпжақты ынтымақтастығын жандандыруға тын серпін беретініне сенімдімін. Мен Қазақстанда сапармен болдым. Өте тамаша, ғажап ел, халқының қонақжайлығына тәнті болдым. Вьетнам Қазақстанның дамуын және Сіздің басшылығыңызбен Қазақстан халқының жеткен зор табысын жіті бақылап отыр. Сіздің тәжірибеніз бен стратегиялық көргенділігіңізді арқасында Қазақстан одан әрі дамып, әлемдегі және аймақтағы тұрақтылықты сақтауға елеулі үлес қосатынына сенімдімін. Вьетнам ұлт-азаттық күресі мен мемлекеттің бірігуіне және қазіргі дамуына қазақ халқының көрсеткен жәрдемі ешқашан ұмытпайды әрі алғыс айтады. Біз Қазақстанмен арадағы дәстүрлі достық қатынасқа зор мән береміз және еліңізді Орталық Азиядағы маңызды серіктес санаймыз, – деді Вьетнам Президенті.

(Жалғасы 2-бетте)

ТОМИРИС: ЖОБАҒА 300-ден АСТАМ АДАМ ӨТІНІМ БІЛДІРДІ

Кеше Tomiris бағдарламасы аясында «Әйелдердің көшбасшылығы» тақырыбындағы тренинг-воркшоптың ашылу салтанаты өтті. «AMANAT» партиясының Саяси менеджмент академиясы аталған жобаны Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиямен, Конрад Аденауэр қорымен бірге қолға алды.



Мәжілістегі «AMANAT» фракциясының депутаты, іс-шара модераторы Жұлдыз Сүлейменованың айтуынша, биыл жобаға қатысуға 300-ден астам адам өтінім білдіріп, оның 75-і іріктеу кезеңіне жолдама алған. Нәтижесінде, 42 қатысушы іріктеуден

ірікпелі өтті. Айта кетейік, бытыр жобаға қатысқан 37 қыз-келіншектің 12-сі кейін облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттардың депутаты болып сайланды.

«AMANAT»-тың Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек

Tomiris – әйел көшбасшылардың қоғамдық-саяси өмірдегі, экономикамыз бен өзге де салалардағы ролін арттыруды көздейтін партиялық жоба екенін атап өтті.

(Жалғасы 3-бетте)

ШЕКТЕУЛЕР АЛЫНСА, ЭКОНОМИКА ШАРЫҚТАЙ МА?



Жақында АҚШ сенаторы Орталық Азия елдерін, оның ішінде Қазақстанға қатысты Джексон-Веник шектеулерін алып тастауды ұсынған болатын. АҚШ – Қазақстанның 62 миллиард доллардан астам инвестиция құйған ірі инвесторларының бірі. Дегенмен екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың нығаюы кім үшін тиімді екенін таразылап көрелік.

4»

ҰШТЫ... ҰШТЫ... БАҒА ҰШТЫ!

Қымбатшылық өміріміздің ажырамас бөлшегіне айналғалы қашан! Инфляцияны ерең ауыздықтап отырған Үкімет оны тұқырта алмай әлі де біраз әлек болатын сияқты. Өйткені сала сарапшылары алдағы уақытта қант, күнбағыс майы және көмір қымбаттайды деп дабыл қағып отыр. Неге? Себебі бірінің қоры тапшы, бірінде «сұр» импорт көп, ені бірі делдалдардың қолында.

ЭКСПОРТҚА ТЫЙЫМ САЛУ КЕРЕК

Мамандардың айтуынша, ішкі нарықтағы күнбағыс дәні тапшылығының бірнеше себебі бар. Біріншісі – қорының аз қалғаны. Өткен шілде айының ортасындағы мәлімет бойынша, ішкі нарықта оның шамамен 260 мың тоннасы ғана қалған. Осы көлемнің 157,7 мың тоннасы май зауыттарында, қалғаны ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерде және тағы да басқа нарық қатысушыларында. Егер отандық май зауыттарының дәл қазіргі кездегі жалпы қуатын алып қарар болсақ, олар айына 200 мың тоннадан астам күнбағыс дәні өндей алады екен. Бірақ ішкі нарықта ондай көлем жоқ болғандықтан, қазір орташа алғанда шамамен 90 мың тонна ғана өндей жатыр.

(Жалғасы 4-бетте)



ШОЛПАН КАРИНОВА – ПАРТИЯ ХАТШЫСЫ



ҚОҒАМ – ЗАЙЫРЛЫ, ХИДЖАБ БОЛА МА ҚАЙЫРЛЫ?



БҚО-да СПОРТ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ



Батыс Қазақстан облысында спорт күні кең көлемде аталып өтті. П.Атоян атындағы стадионда өткен мерекелік шара спорт ардагерлерінің, әлем чемпиондарының шеруінен басталды. Ел намысын қорғап, көк Туымызды желбіретіп жүрген талантты спортшыларды кәсіби мерекесімен аймақ басшысы Нариман Төреғалиев құттықтады.

Спорт күніне арналып өткен бұл жолғы іс-шара ерекше өтті. Ардагер спортшылардың шеруін елге танымал спортшылар бастады. Атап айтсақ, самбодан 6 дүркін әлем чемпионы Каболат Құрмашев, самбодан 4 дүркін әлем чемпионы, ҚР Еңбек сіңірген спорт шебері Ерболат Байбатыров, Грек-рим күресінен жастар арасындағы әлем чемпионы Артур Үмбеталиев секілді талантты спортшылар шеруді бастап жүрді. Шеруге мүгедектігі бар адамдарға арналған спорт клубының мүшелері де қатысты.

БҚО-да мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорт клубы 2016 жылы ашылған. Бүгінде 225 спортшы тәрбиеленіп жатыр.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы Жолдауларында бұқаралық спортты дамытуды тапсырады. Себебі дені сау ұлт – ел болашағы. «Бүгінде облыста 270 мың адам спортпен айналысады», – дейді мамандар.



Осы салтанатты жиында сөз алған аймақ басшысы Нариман Төреғалиев бұл күннің маңызына тоқталды. – Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында бұқаралық спортты дамыту, ұлт саулығын нығайту, қазақстандықтардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру міндеттеріне ерекше назар аударатыны белгілі.

Ұлт саулығы мен халықтың өмір-сенділігінің кепілі, еліміздің бәсекеге қабілетті 30 спорттық державалар қатарына кірудің басты шарты ретінде спорт мемлекетіміздің негізгі стратегиялық ұстанымына, тәуелсіз мемлекетіміздің идеологиясына айналды, – деді Нариман Төреғалиев.

БҚО-ның спортта жеткен жетістіктері үлкен. Атап айтсақ, соңғы екі жылда өңірдің 33 спортшысы Әлем чемпионы, 14 спортшысы Азия чемпионы, 479 спортшысы Қазақстан чемпионы атанған.

Дәл осы күні облыс әкімі өңірде спорттың дамуына үлес қосып жүрген талантты спортшыларды марапаттады. Олар «Дене шынықтыру және спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін» және «ҚР құрметті спорт қызметкері» төсбелгілерімен марапатталды.



БҚО-ның спортта жеткен жетістіктері үлкен. Атап айтсақ, соңғы екі жылда өңірдің 33 спортшысы Әлем чемпионы, 14 спортшысы Азия чемпионы, 479 спортшысы Қазақстан чемпионы атанған.




Спорт күніне орай өткізілген шаралар легін екінші күні көпшілік велошеру жалғайды. Велошеру Орал қаласындағы Абай алаңынан басталып, Тұңғыш Президент атындағы алаңда аяқталды. Оған барлығы 350-ге жуық адам қатысты.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА

ММА АҢЫЗЫМЕН ЖЕКПЕ-ЖЕК ӨТКІЗЕДІ

Қазақстандық ММА шебері Қуат Хамитов (24-8-1) танымал ресейлік файтер Александр Шлеменкомен (62-15-1) кездеседі. «Ресми! Александр Шлеменко vs Қуат Хамитов. Бүгін, 20 тамызда Ресей ММА аңызы Александр Шлеменкомен айқас өткізу туралы Top Fight лигасының басшысы Марат Сидикеевпен келісімшарт жасалды. Турнир қашан, қайда өтетінін кейінірек білесіздер», – деп жазды Хамитов өзінің Instagram парақшасында.



Қуат Хамитов өзінің кейінгі жекпе-жегін мамыр айында өткізді: ол Алматыдағы Hardcore MMA лигасының турнирінде өнер көрсетіп, төрешілердің бірауыз шешімімен ресейлік

Залимхан Юсуповтан (19-15) басым түсті. Александр Шлеменко кейінгі рет торға шілдеде кіріп, бірінші раундта бразилиялық Алекс Оливейраны (25-15-1) сабишмен жеңді.

ҚШКЕНТАЙ ФУТБОЛШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ЧЕМПИОНАТ

Астанада 12 жасқа дейінгі спорт мектептерінің тәрбиеленушілері арасында футболдан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтіп жатыр.

Үздік команда атағы үшін Қазақстанның 12 өңірінен: Астана, Шымкент, Алматы қалалары, Ақтөбе, Қызылорда, Жамбыл, Түркістан, Маңғыстау, Жетісу, Қарағанды, Қостанай, Павлодар облыстарынан 250-ден астам спортшы таласады.

Астана қаласы әкімдігінің №8 балалар-жасөспірімдер Олимпиадалық резерв мектебінің басшысы Дінмұхаммед Құрамаев аталмыш турнирге өз



бағасын берді: «12 жасқа дейінгілер арасында ұйымдастырылып жатқан Қазақстан чемпионатының деңгейіне разымын. Жасөспірімдер арасында көп турнир болған сайын, шәкірттеріміздің деңгейі артатыны сөзсіз. Маған ең ұнайтыны – 12 жасқа дейінгі футболшылар эмоцияға ерік беріп, шынайы ойнайды», – деді ол.

Турнир 17-25 тамыз аралығында «Жас батыр» стадионында өтеді.



Исхар КУРБАЕВ «АЛТЫН» АЛДЫ

Иордания астанасы Амман қаласында өтіп жатқан күрес түрлерінен 20 жасқа дейінгі жастар арасындағы әлем чемпионатында грек-рим күресінен Исхар Курбаев жеңімпаз болды.

Жетісу облысының өкілі 55 келі салмақта финалда әзербайжандық Фарид Садишлимен сынға түсті. Белдесу барысында жинақы қимыл көрсетті. Нәтижесінде, қарсыласынан 5:1 есебімен

басым түсіп, әлем чемпионы атанды. Исхар алғашқы белдесуінде түрік Эмре Мутлудан, одан кейін түркімен Абдували Рахимбаевтан басым түсті. Ал жартылай финалда қырғыз Нуристон

Суйоркуловты жеңді. Сондай-ақ бүгін Аммандағы турнирде грек-рим күресінен Дініслам Сағитжан (63 келі) қола жүлде алды. Айта кетсек, қазақстандық балуандар соңғы рет аталған жастағы спортшылар арасындағы әлем чемпионатында жеті жыл бұрын жеңіс тұғырынан көрінген еді. Сол жолы қостанайлық Тамерлан Шалукаев финалда франциялық балуанды қапы қалдырған еді. 90-жылдардан бері қазақстандық балуандар арасынан аталған жарыста Әсет Иманбаев (2000, 2001 жылдар), Нұрбақыт Тенізбаев (2003) және Артур Үмбеталиев (2009) чемпион атанды.



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ПІАШЛАЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Саятхан САТЫБАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН –
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАҒАФСАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНУЗАК –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талпырыс №4340
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,